

# Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері




# Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары

□ 10.4.1.1 -  
«Мәдениет», «дала өркениеті»,  
«материалдық мәдениет», «рухани мәдениет»,  
«қолданбалы өнер»,  
«мәдени мұра» түсініктерін қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттауда қолдану

□ 10.4.1.2 - қазақ халқының материалдық мәдениетінің негізгі жетістіктерін анықтау – Қазақстан территориясындағы тарихи-этнографиялық үрдістердің үздіксіздігін талдау

# Бағалау критерийлері



- Материалдық мәдениет туралы түсініктерін кеңейтеді және түрлерін анықтайды.

- Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері маңызын сипаттап, баға береді.

## Киіз үй

*Киіз үй көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әртүрлі болып келеді. Киіз үйдің негізгі қаңқасын – киіз үйдің сүйегі деп атайды.*

## Киіз үйдің құрылымы:

Шаңырақ- киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлігі.

**Кереге** - киіз үйдің қабырғалары.

**Уық** - кереге басымен шаңырақты ұстастыратын сүйегі.

**Сықырлауық** - киіз үйдің есігі.

Үйді жауып тұратын киіздер түндік, үзік туырлық.

**Бас құр** - киіз үйдің бауы негізгі бекіту, біріктіріп байлау қызметін атқарады.

## Киіз үйдің түрлері

- ❖ **Орда** - салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар бас қосатын, елдік мәселе шешетін аса құрметті хан, би сұлтандар отыратын үй.
- ❖ **Алтын орда** – 30 қанаттан тұратын, ханның мәжіліс ордасы.
- ❖ **Алтын үзік** - 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.
- ❖ **Ақ шаңқан** -18 қанаттан және 12 қанаттан тұратын елбасылар, бай, билер тұратын киіз үйлер,
- ❖ **Ақ ала орда** - сегіз қанатты, дәулетті бай үйі.
- ❖ **Ақ үй** - 6 қанатты дәулетті адамдар үйі.
- ❖ **Боз үй, қоңыр үй** -4-5 қанатты орташалар тұратын киіз үй.
- ❖ **Қараша үй**- кедей үйі
- ❖ **Отаяу** –жас жұлбайлар үйі

## Жаңа сөздер

**Күлпара** – жел, су, суық өткізбес үшін басқа жамылатын киімнің түрі

**Сәукеле** – қыз балалардың, ұзатылатын қыздың киетін бас киімі


**Қамқа тон** – бай, мырзалар киген, әдемілеп тігілген тон.

**Саптама** - іші кигізбен қапталып тігілген ер адамдардың аяқ киімі

**Жақы** – жылқы терісіне тігілген ерлер киімі.

**Шекпен** - түйе жүнінен тоқылған жаздық сыртқы киім. Шекепеннен су да, жел де өтпейді.

Қазақтың материалдық мәдениетіне не жатады.





## Қолөнер бұйымдары

Қазақтар алтыннан, күмістен, асыл тастардан, сүйектен әртүрлі зергерлік бұйымдар әзірлеген. Ұсталар қыз-келіншектердің, сырға, сақина, білезік, шолпы, алқа, қаптырма, шашбау бұйымдарын және қазақ ұсталары айбалта, қылыш, наркескен, сапы, селебе, қару-жарак түрлері соғып сонымен қатар арнайы аттың ер-тұрмандарын дайындаған.

Қазақтар балаларына арнап, арнайы сәнді ер-тұрмандар жасатқан. Бұл жас баланың ат жалынын ұстар жасқа толғанын, ер жеткенін білдірген.



<https://www.youtube.com/watch?v=o9VYK88AniM>

## 2 тапсырма. Кестені толтыр

Ер адамның ұлттық киімдері	Әйел адамның ұлттық киімдері

3 тапсырма. Қолданбалы өнер түрлері және олардың  
маңызын анықтаңыз

Қолданбалы өнер түрлері, тұрмыста қолданылатын заттар	Маңызы

## 4 тапсырма. Топтық жұмыс

1 – топ Қазақ халқының баспанасы

2 - топ Қазақ халқының ұлттық киімдері

3 - топ Ұлттық қолөнер

«Мәдениетім-мақтанышым!» тақырыбына  
шағын эссе жазып, бұрынғы және қазіргі  
уақыттағы болған өзгерістерді байланыстырып  
сабақтастық жасаңыз (100 сөзден кем емес)

# Рефлексия

Мен  
білдім



Мен  
түсіндім

Мен таңқалдым!

Мен  
ойландым

Мен үйрендім!